

«Phystech II»
Акционерлік қоғамының
акцияларды шығару проспектісі
(«Phystech II» АҚ)

Өкілетті органның жарияланған акцияларды шығаруын мемлекеттік тіркеу проспектіде көрсетілген акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір нұсқауды ұсынуды білдірмейді. Жарияланған акцияларды шығарудың мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырушы өкілетті орган осы құжатта мазмұндалған ақпараттың растығы үшін жауапкершілікті атқармайды. Акцияларды шығару проспектісі Қазақстан Республикасының заңының талаптарына сәйкес қана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектіде мазмұндалған ақпараттың растығы үшін жауапкершілікті атқарады, және де бұнда ұсынылған барлық ақпарат расталған болып табылатынын және инвесторларды қоғам мен оған орналастырылатын акцияларға қатысты қателесулерге алып бармайтынын бекітеді.

2015 жыл

1 бөлім. Акционерлік қоғам туралы жалпы мәлімет.

2. Акционерлік қоғамның атауы.

Қоғамның толық атауы:

Мемлекеттік тілде – «Phystech II» акционерлік қоғамы.

Орыс тілінде – Акционерное общество «Phystech II».

Ағылшын тілінде – “Phystech II” joint stock company.

Қоғамның қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілде – «Phystech II» АҚ.

Орыс тілінде – АО «Phystech II».

Ағылшын тілінде - “Phystech II” JSC.

Акционерлік қоғам заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта құру нәтижесінде құрылмаған.

3. Акционерлік қоғамның мемлекеттік тіркеуі туралы мәлімет.

17 маусым 2015 жылғы н/сіз заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама.

Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органның атауы: Ақтау қаласының Әділет басқармасы.

4. ҚР ҚҚА Басқармасының 2007.28.05. № 155 Қаулысымен алып тасталды.

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланысу телефондары мен факстың номерлері, электронды почтаның адресі туралы ақпарат.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000. Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 шағын аудан, 28а үй.

байланыс телефоны және факс: + 7 777 747 90 68

E-mail: ibekzhanov@gmail.com

6. Акционерлік қоғамның банктік реквизиттері.

ЖСК KZ6777420KZ220317AAZ (KZT)

ЖСК KZ3777420US220317546 (USD)

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ-да

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ-сы, әл-Фараби даңғ., «Нұрлы Тау» БО, 7/1, корп. 5 Б.

БСК LARIKZKA

7. Акционерлік қоғамның қызметінің түрлері:

- 1) «Phystech II» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») гелогиялық барлау, іздестіру жұмыстарын және мұнай кен орындарын ашуды, мұнай мен газды шығаруды жүзеге асырады.
- 2) Жоғарыда аталған қызмет түрлеріне қоса Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған және осы Проспектің 7 т. 1) тт. көрсетілген

қызмет түрлерімен технологиялық байланыстағы өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

8. Акционерлік қоғамға немесе олар шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәлімет. Қаржылық агенттің мәртебесі берілгендігі туралы мәлімет.

Акционерлік қоғамға немесе олар шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтері жоқ. Қоғамға қаржылық агенттік мәртебесі берілмеген.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген уақыты, орналасқан жері және почталық мекен-жайлары:

Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Акционерлік қоғамның соңғы аяқталған үш қаржы жылдың қаржылық есебіне аудитті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымдардың, олардың тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, толық ресми атауын көрсету (аудитордың аты-жөні, бар болса - әкесінің аты):

Акционерлік қоғам жаңадан құрылғандықтан, қаржылық есебінің аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйым тағайындалған жоқ, сондықтан да қаржылық есеп жасалынған жоқ.

Тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, соңғы аяқталған үш қаржы жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультанттардың толық ресми атауы.

Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттардың бұзылуы орын алған жағдайда, тараптардың қайсысы бастамашы болғаны жөніндегі ақпаратты көрсете отырып, шарттың бұзылу себептері туралы ақпаратты ұсыну қажет.

Қоғам тиісті қызмет көрсету арналған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультаттық шарт жасамаған. Тиісінше заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультаттық шарттар бұзылған жоқ.

11. Қоғам корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні. (егер оның қабылдануы қоғам жарғысында көзделген жағдайда).

Корпоративтік басқару кодексі Қоғам органдары құрылғаннан кейін және жарияланған акцияларды шығаруын мемлекеттік тіркеуден кейін қабылданатын болады.

11-1. Қоғамның акцияларды сатып алу жағдайында акциялар бағасын анықтау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысымен немесе құрылтай жиналысымен бекіту мерзімі.

Қоғаммен акцияларды сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесі жалғыз құрылтайшының 2015 жылғы 09 маусымдағы шешімімен бекітілген.

2. Қоғамның органдары және құрылтайшылары (акционерлері)

12. Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі.

Акционерлік қоғамының директорлар кеңесі қоғамның акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін сайланады.

12-1. Қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері (болған жағдайда).

Қоғам директорлар кеңесінің комитеттері жоқ.

12-2. Тұрақтандыру банкі банкті басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын уәкілетті тұлғаны (уәкілетті тұлғаларды) көрсетеді.

Акционерлік қоғам тұрақтандыру банкі болып табылмайды.

12-3. Ішкі аудит қызметі (егер ол бар болса).

Ішкі аудит қызметі таңдалмаған.

13. Акционерлік қоғамның алқалы (жеке дара) атқарушы органы.

Қоғамның атқарушы органы Қоғамның акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден откешпен кейін сайланады.

Қоғамның жалғыз құрылтайшының 2015 жылғы 09 маусымда шешіміне сәйкес Қоғамның органдары құрылғанға дейін қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асырушы және үшінші тұлғалар алдында оның мүдделерін көрсететін, сонымен бірге Қоғам атынан мемлекеттік бекіту үшін құжаттарға қол қоятын өкілетті тұлға болып 10.03.1982 жылы туған Бекжанов Ильяс Болатович тағайындалған.

Хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызметі, лауазымға кіріс күні:

- 01.10.2012 жылдан 01.07.2014 жылға дейін – «Эрнст энд Янг – консультациялық қызметтер» ЖШС мәмілелер бойынша консультациялық қызметтер бөлімінің менеджері.

Лауазымына кіріскен күні – 01.10.2012 жыл.

- 10.07.2014 жылдан 01.10.2014 жылға дейін – «Алматы Ситик Казына Эдвайзер» ЖШС Вице-президенті.

Лауазымына кіріскен күні – 10.07.2014 жыл.

- 04.06.2015 жылдан қазірге дейін – «Фирма «Физтех» ЖШС Бас директорының Орынбасары.

Лауазымына кіріскен күні – 04.06.2015 жыл.

- «Phystech II» АҚ атынан мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарға қол қоюға, сонымен қатар Қоғамның тиісті органдары құрылғанға дейін қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және үшінші тұлғалар алдында оның мүдделерін көрсетуге өкілетті тұлға.

Лауазымына кіріскен күні – 09.06.2015 жыл.

- қоса атқаратын өзге қызметтері жоқ.

14. Қоғамның осы проспектісінің 12 және 13-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға соңғы қаржы жылында берілген және төленген сыйақы мен жалақының, сондай-ақ жеңілдіктердің жалпы сомасы:

Қоғам органдары сайламағандықтан, директорлар кеңесінің мүшелері және атқарушы органның мүшелеріне сый ақы беру, еңбекақылар, жеңілдіктер төленбеген.

15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы:

1) Акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері: қоғамның құрылымдық бөлімшелері бекітілмеген.

2) Акционерлік қоғам қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғам филиалдары мен өкілеттіктері қызметкерлерінің жалпы саны: жоқ.

3) Акционерлік қоғамның акцияларын иеленетін акционерлік қоғамның қызметкерлерінің жалпы саны, олардың процентпен орналастырылған акциялардың жалпы санындағы жиынтық үлесі: Қоғамда қоғамның акцияларына иелік ететін қызметкерлер жоқ.

4) Акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы): қоғамның құрылымдық бөлімшелері бекітілмегендіктен, Қоғамның бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер жоқ.

5) Акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы): қоғамның филиалдары мен өкілеттіктері жоқ.

16. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері).

Құрылтайшы	Мекен-жайы	Құрылтайшылармен алдын ала төленген акциялар саны және түрі (түрлері)
«Фирма «Физтех» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, шағынаудан 12, үй 28а.	99 100 (тоқсан тоғыз мың бір жүз) жай акциялар
«Фирма «Физтех» ЖШС ірі қатысушылары		
Компания «МКТ Интернеэйшнл Б.В.» (“МКТ International B.V.”)	Стравинскилан 1431, 1077XX, Амстердам, Нидерланд	100%

17. Қоғам ірі акционері болып табылатын не ұйымның жарғылық капиталында он және одан да көп пайызымен үлесі бар ұйымдар туралы мәліметтер:

Акционерлік қоғам ірі акционер болып табылмайды және басқа ұйымдарда жарғылық капиталдағы үлесіндегі жалпы санының он және одан да көп пайызын иеленбейді.

18. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

Акционерлік қоғам өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдардың қатысушысы болып табылмайды.

19. Акционерлік қоғамның басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет.

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңның 64-ші бабына сәйкес Қоғамның аффилиирленген тұлғалары жоқ.

20. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен жасалатын мәмілелер.

Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасалған жоқ.

3. Акционерлік қоғам қызметінің сипаты

21. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаты, акционерлік қоғамдарға бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаты:

Гелогиялық барлау, іздестіру жұмыстарын жүргізу және мұнай, газ және газконденсатты орындарды ашу, мұнай мен газды шығару мен тасымалдау.

акционерлік қоғамдарға бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Қоғам жаңадан құрылғандықтан Қоғамға бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер жоқ.

22. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар:

Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар анықталған жоқ.

23. Қоғамның қолындағы лицензиялар (патенттер) және олардың қолдану кезеңі, зерттеулер мен әзірлеуге, оның ішінде қоғам демейтін зерттеу әзірлеулеріне шығатын шығындар туралы ақпарат:

Акционерлік қоғамда лицензиялар (патенттер) және олардың қолдану кезеңі, зерттеулер мен әзірлеуге туралы мәліметтер, оның ішінде қоғам демейтін зерттеу әзірлеулеріне шығатын шығындар жоқ.

24. Соңғы екі жыл немесе акционерлік қоғам нақты жұмыс істейтін кезең ішінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлемі:

Қоғам нақты жұмыс істейтін кезең ішінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлемі жоқ.

25. Өз өнімдерін (жұмыстар, қызмет) сатуды ұйымдастырудағы қоғамның қызметі.

Қоғамның тауарларын (жұмыстың, қызмет көрсетудің) жеткізушілері мен тұтынушылары туралы мәліметтерді, олар шығаратын немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) жалпы құнының бес және одан астам процентін құрайтын көлемде мәліметтер жоқ.

26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар:

1) қызметтің маусымдық сипаты бар түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі үлесі:

Қоғамның қызметі маусымдық сипатқа тәуелді емес.

2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызмет көрсетулердегі) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі экспорттағы акционерлік қоғам сататын өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) үлесі:

Қоғам жаңадан құрылғандықтан Қоғам шикізат (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) пен өнімді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алу, оның ішінде импорт пен экспорт бойынша қызметтерді жүзеге асырған емес.

3) сот процестеріндегі акционерлік қоғамның қатысуы туралы мәлімет:

Акционерлік қоғам сот процестеріне қатыспаған.

4) акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына соңғы жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) сот салған барлық әкімшілік жазалар туралы мәліметтер:

Акционерлік қоғам мен оның лауазымды тұлғаларына өкілетті мемлекеттік органның және (немесе) соттың салған әкімшілік жауапқа тартулар болған емес.

5) тәуекел факторлары:

ұйымдастырылған бағалы қағаздар немесе биржадан тысқары нарықта акция бағасына, сонымен қатар Қоғамның акция құнына әсер ететін нарықтағы өнім құнының өзгеруіне әсер ететін тәуекелдер:

Акция құнына, сонымен бірге Қоғам акциясының құнына ықпалы болатын нарықтағы өнім құнының өзгеруіне әсер ете алатын болжанып отырған тәуекелдер келесіні құрайды:

- Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің теріс нәтижелері;
- Қазақстан Республикасындағы және әлемдік нарықтардағы Қоғам өзінің қызметін жүзеге асырып отырған саладағы макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы;
- Қазақстан Республикасындағы қор нарығындағы конъюнктураның нашарлауы.

инфляциямен, құнсызданумен және банктік проценттердің ставкасымен шарттасылған тәуекелдер:

Қоғам қызметіне инфляцияның, кредиттік ставкалардың, девальвацияның өсуі және банктік ставканың өзгеруімен байланысты тәуекелдер әсер етеді. Бұған қарамастан Қазақстан Республикасындағы экономикалық жағдай айтарлықтай тұрақты болғандықтан және соңғы жылдары ішінде бұл көрсеткіштер динамикасында кенет ауытқулар болмағандықтан бұл тәуекелдер жоғары емес деп бағаланады.

өндіретін өнімнің бәсекелестік қабілеттерімен байланысты тәуекелдер: көмірсутекті шикізатқа деген сұраныс әлеуетті сатып алушылар тарапынан әрқашан да едәуір болғандықтан бәсекелестік қабілеттердің күрт төмендеуімен байланысты тәуекелдер мардымсыз.

саясат жағдайының және заңнаманың өзгеруінен туындайтын тәуекелдер: Қазақстан Республикасындағы саяси жүйе тұрақты болғандықтан, және де жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың тиімді болуынан – бұл тәуекел болмашы деп бағаланады.

әлеуметтік жағдайларына байланысты тәуекелдер: әлеуметтік жағдайлармен байланысты тәуекелдер әсерлерінің деңгейін төмендету мақсатында Қоғамның әлеуметтік және кадрлық саясаты жоғары білікті мамандарды іріктеуге, сонымен қатар өз қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылатуға бағытталған

4. Қоғамның қаржылық жай-күйі

27. Инвестициялар.

Акционерлік қоғамның басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялары жоқ.

28. Дебиторлық берешек.

Акционерлік қоғам алдында активтерінің баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын ұзақ және қысқа мерзімді дебиторлық қарыздары бар ұйымдар жоқ.

29. Активтер.

Активтерінің баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлік туралы мәліметтер жоқ. Акционерлік қоғамның активтері эмитенттің міндеттемелерінің қамтамасыз етулері болып табылмайды және сенімді басқаруларға берілмеді.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер:

Жарғылық капиталы – 99 100 000 (тоқсан тоғыз миллион бір жүз мың) теңгені құрайды;

Меншікті капиталы – 102 538 570 (бір жүз екі миллион бес жүз отыз сегіз мың бес жүз жетпіс) теңгені құрайды.

31. Заемдар.

Қоғамда заемдар жоқ.

32. Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар):

Қоғаммен негізгі қызметін жүзеге асыруына байланысты қоғамның баланс активтері құнының бес және одан астам проценті мөлшерінде кредиторлық берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар) жоқ.

5. Қаржылық ұйымдардың қаржылық жағдайы

33.-43. Акционерлік қоғам жарғыға сәйкес қаржылық ұйым болып саналмайды.

6. Бағалы қағаздардың шығарылымдары туралы мәліметтер (акциялар шығарылымы "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңы қабылданғанға дейін тіркелген қоғамдар үшін)

44.-44-1. Акционерлік қоғам жанадан құрылғандықтан, құнды қағаздардың шығарылымдары туралы мәліметтер жоқ.

7. Жарияланған акцияларды шығару туралы мәлімет

45. Акциялар туралы мәлімет:

- 1) жарияланған акциялардың саны, түрлері: 18 500 000 (он сегіз миллион бес жүз мың) жай акциялар;
- 2) құрылтайшылар арасында орналастырылған (орналастырылатын) акциялардың саны, түрлері: 99 100 (тоқсан тоғыз мың бір жүз) жай акциялар;
- 3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның нақты құны: 1 000 (бір мың) теңге;
- 4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілген мөлшері: қоғаммен артықшылықты акциялар шығарылмайды.

45.1 Тұрақтандыру банкінің жарияланған акцияларының саны, түрлері, номиналдық құны туралы мәліметтер (тұрақтандыру банкі толтырады):

Акционерлік қоғамы тұрақтандыру банк болып табылмайды.

46. Қоғамның айырбасталатын құнды қағаздары.

Қоғамның бағалы қағаздарың айырбастау қарастырылмаған.

46.1 Орналастырылған акциялардың санын өсіру (қоғам сатып алған акцияларды шегергенде) қоғамның орналастырылған акцияларын бір түрінен осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау.

Орналастырылған акциялардың санын өсіру, сонымен бірге қоғамның орналастырылған акцияларын бір түрінен осы қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау қарастырылмаған.

47. Төлем жасаушы агент туралы деректер.

Төлем жасаушы агент қарастырылмаған.

48. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет.

- Атауы: «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» Акционерлік қоғамы («Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ);
- Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, үй 30А/3;
- Байланыс телефондары: +7 727 272 47 60;
- Лицензиясы туралы деректер: «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР 02.07.2003 ж. № 461-ІІ Заңының 64-1-бабының 1-тармағына сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімі жүйесін жүргізу жөніндегі бірыңғай тіркеушінің қызметін уәкілетті орган лицензияламайды;
- Тіркеушісі бар шарттың жасалған күні және нөмірі: 2015 жылғы «24» маусымдағы № 1900 Шарт.

48-1. Акционерлік инвестициялық қор көрсетіледі:

Эмитент акционерлік инвестициялық қор болып табылмайды.

8. Қосымша ережелер

49. ҚР ҚҚА Басқармасының 28.11.2008 ж. № 181 Қаулысына сәйкес алынып тасталды.

50. Инвесторларға арналған ақпарат.

Қоғамның жарғының көшірмесімен және акция шығарылымының проспектісімен, осы құжаттарға енгізілген өзгертулерімен және толықтыруларымен, қоғамның акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептермен мына мекен-жай бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, 130000. Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 шағын аудан, 28а үй.

Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау бұқаралық ақпарат құралдары: «Егемен Қазақстан» республикалық газеті.

Уәкілетті тұлға



Бекжанов И.Б.

Бас есепші



қарастырылмаған

2-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

1. Ақша алу үшін Қоғамның орналастырған акцияларын Қоғамның сатып алу туралы шартты қабылдау туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Бұл ретте Ақша алу үшін қолданылатын негізгі шарттық актілердің сатып алу бойынша қолданысқа енгізілуі тиіс.
2. Қоғамның орналастырған акцияларын сатып алу мақсатындағы шарттық актілердің сатып алу мақсатында;
3. Қоғамның сатып алуға ұсынылатын акцияларын орналастырғандықтан өзіндік қорының сатып алу мақсатында;
4. Орналастырылған акцияларды сатып алу бағасын өлшеу мақсатында сатып алу бағасын анықтау әдістемесі;
5. сатып алу үшін өзге де шарттары.
6. Ақша алу үшін қолданылатын негізгі шарттық актілердің Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен орналастырылған акцияларын Қоғамның сатып алу туралы шарттық қабылдау туралы.
7. Қоғамның сатып алу мақсатында орналастырылған акцияларын Қоғамның орналастырған акцияларын сатып алу туралы шарттық актілердің 10-ші бабында және шарттық қабылдау туралы шарттық актілердің 10-ші бабында, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен сатып алу туралы шарттық актілердің Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының бекіткен

**Жалғыз құрылтайшының шешімімен
акционерлік қоғамының «Phystech II» құру туралы
2015 жылғы 09 маусымдағы
«БЕКІТІЛГЕН»**

**«Phystech II»
акционерлік қоғамының сатып алатын акцияларының құнын және акцияларды сатып
алу тәртібін анықтау
ӘДІСТЕМЕСІ**

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Әдістеме Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Phystech II» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») Жарғысына сәйкес жасалынған және Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу тәртібін және сатып алынатын акциялардың құнын анықтау әдістемесін анықтайды.
2. Осы Әдістеменің қолданысы Қоғам өзінің орналастырылған акцияларды сатып алатын жағдайда таралады:
 - Қоғамның бастамасы бойынша;
 - акционердің талабы бойынша;
 - акционердің өтініші бойынша;
 - соттың шешімі бойынша.
3. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы оларды кейінгі сату, акционерлердің құқықтарын сақтау мақсатында (Қоғамда заңнамаға сәйкес акционерге тиесілі Қоғам акцияларын сатып алу міндеті туындайтын кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге мақсаттарда жүзеге асырылады.
Қоғамның орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының резидент емес – акционерлерден сатып алуы Қазақстан Республикасының резидент-акционерлері үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
4. Қоғамның өзі шығарған акцияларды осы Әдістемеді көзделмеген негіздер бойынша сатып алуы осы Әдістеменің 2-тармағында көзделген бір немесе бірнеше негіздер бойынша сатып алу үшін ұқсас тәртіппен жүзеге асырылады.

**2-тарау. ҚОҒАМНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ**

5. Атқарушы орган Қоғамның орналастырған акцияларын Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау туралы Қоғамның Директорлар кеңесіне қолдаухатпен жүгінуге құқылы. Бұл ретте Атқарушы органның қолдаухатына мыналарды қамтитын акцияларды сатып алу бойынша ұсыныстар қоса берілуі тиіс:
 - 1) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу мақсаттылығының негіздемесі және сатып алу мақсаттары;
 - 2) Қоғамға сатып алуға ұсынылатын Қоғамның орналастырылған акцияларының саны және түрлері;
 - 3) Орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын анықтау әдістемесі;
 - 4) сатып алудың өзге де шарттары.
6. Атқарушы органның қолдаухатымен келісетін жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі орналастырылған акцияларды Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы.
7. Қоғамның сатып алуы нәтижесінде орналастырылған акцияларды Қоғамның орналастырылған құнды қағаздарының жалпы санының 10 (он) немесе одан көп пайызы

- көлемінде Қоғам сатып алатын жағдайда, онда Қоғамның Директорлар кеңесінің акциялар сатып алу туралы шешімін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді.
8. Акционерлік қоғамдардың өздерінің орналастыратын акцияларын сатып алуды жүзеге асыруға тыйым салатын көзделген қолданыстағы заңнамалық негіздер болатын кезде Қоғам өзі орналастырған акцияларын сатып алуды жүзеге асыру құқығы жоқ.
 9. Қоғамның сатып алатын акцияларының саны Қоғамның орналастыратын акцияларының жалпы санының 25 (жиырма бес) %-ынан аспауы тиіс, ал Қоғамның акциялар сатып алуға жолдайтын қаржысы Қоғамның меншікті капиталының 10 (он) %-ынан аспауы тиіс:
 - 1) акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алатын кезде – акционерге қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғамнан өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды талап ету құқығын беретін бір немесе бірнеше шешімді Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы қабылдайтын күнгі жай-күй бойынша;
 - 2) Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алатын кезде – Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдаған күніндегі жай-күй бойынша.
 10. Егер акционерлер сатып алуға мәлімдеген Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы саны Қоғамның сатып алатын акцияларының мөлшерінен асып кететін жағдайда, сатып алуға мәлімделген акциялар акционерлерден өздеріне тиесілі акциялардың санына пропорционалды сатып алынады.
 11. Пропорция коэффициенті келесі формула бойынша белгіленеді:
$$K = A / C,$$
мұндағы
 - К –пропорция коэффициенті;
 - А–Қоғамның сатып алуы мүмкін акцияларының жалпы саны;
 - С –Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуға мәлімдеген жалпы саны.
 12. Қоғамның акционерден сатып алатын акцияларының түпкілікті саны акционердің сатып алуға мәлімдеген акциялар санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі.
 13. Қоғамның сатып алған акциялары туралы мәліметтер Қоғамның құнды қағаздарын ұстаушылардың тізбесіне міндетті түрде кіргізілуі тиіс.
 14. Қоғамның Директорлар кеңесі сатып алынатын акцияларды ақшалай төлеуден өзге, Қоғам мүлкімен төлеу туралы шешімді акционердің келісімімен қабылдауға құқылы.
 15. Қоғамның сатып алынған акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
 16. Қоғамның акционерлері осы Әдістемемен танысу құқылы.

3-тарау. ҚОҒАМНЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША АКЦИЯЛАР САТЫП АЛУ

17. **Қоғамның бастамасы бойынша акциялар сатып алу тәртібі.**
 - 1) Қоғам өзінің бастамасы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде акционердің келісімімен өздері орналастырған акцияларды сатып алуға құқылы, егер заңнамада, Қоғамның Жарғысында немесе осы Әдістемеде өзгеше белгіленбесе.
 - 2) Қоғам келесі жағдайларда өзі орналастырған акцияларды сатып алу құқығы жоқ:
 - акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткенше;
 - құрылтайшылар арасында акцияларды орналастыру қорытындылары туралы алғашқы есепті бекіткенге дейін,
 - егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының көлемі заңнамамен белгіленген минималды жарғылық капиталдың көлемінен аз болса;
 - егер Қоғам сатып алу сәтінде Банкроттық туралы заңнамаға сәйкес төлем қабілетінсіз немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келетін болса не аталған белгілер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамда пайда болатын болса;
 - егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған болса;
 - қолданыстағы заңнамада немесе Қоғамның Жарғысында көзделген өзге жағдайларда.
 - 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялар санына, түріне және санатына, сатып алынатын бағасына немесе бағасын анықтау әдісіне нұсқау, сатып алуға өтініштер қабылдау мерзімі және акцияларды сатып алуды жүзеге асыратын және аяқталған кезде Қоғам оларды сатып

алудан бас тартатын мерзім, сондай-ақ Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алатын өзге шарттар жазылуы тиіс.

- 4) Қоғамның сатып алынатын акциялар саны Қоғамның орналастыратын акцияларының жалпы санының бір пайызынан асатын орналастырған акцияларды сатып алу туралы ұсынысы Қоғамның Жарғысымен айқындалатын баспа басылымдарында жариялануы тиіс.
- 5) Баспа басылымдарда акционерлерге арналған ұсыныста орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінде сатып алынатын акциялар санына, түріне және санатына, сатып алынатын бағасына, сондай-ақ бағасын анықтау әдісіне нұсқау, сатып алуға өтініштер қабылдау мерзімі және акцияларды сатып алуды жүзеге асыратын және аяқталған кезде Қоғам оларды сатып алудан бас тартатын мерзімі туралы мәліметтер жазылуы тиіс.
- 6) Директорлар кеңесінің Қоғамның өзі орналастырған акцияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн кешіктірмейтін мерзімде Қоғаматалған шешім туралы Қоғамның филиалдарына жеткізеді (филиал болған жағдайда).
- 7) Егер Қоғамның акционерлерден өтініштер қабылдау мерзімі аяқталатын кезде Қоғамның сатып алуы мүмкін акцияларының саны сатып алуға мәлімделген акциялар санынан асатын болса, Қоғамның акцияларды сатып алу өтінішін берген акционерге тиесілі акциялар санына пропорционал жүзеге асырылады.
- 8) Қоғамның акцияларды сатып алуы қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен сату-сатып алу шартына тараптардың қолдарын қоюы арқылы жүзеге асырылады.
- 9) Қоғамның өздерінің шығарған акцияларын сатып алуы бойынша құжаттарды ресімдеу үшін акционерлерден мерзімі өтіп кеткен жарамсыз жеке куәліктер, уақытша жеке куәліктер, сондай-ақ ескі үлгідегі төлқұжаттар қабылданбайды.
- 10) Акционермен жасалатын акциялар сатып алу бойынша түпкілікті есеп сату-сатып алу шартында немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен жасалған жеке Келісімде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

18. Қоғамның бастамасы бойынша акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі.

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу бағасын анықтаған кезде мынадай әдістемелердің бірімен анықталған баға бойынша акциялар сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:
 - а) орташа өлшемделген баға;
 - б) ағымдағы нарық бағасы;
 - в) Қоғамның меншікті капиталының көлемі, оның даму перспективалары ескеріліп және құнды қағаздардың баға белгілеуіне ықпал ететін өзге де факторлар ескеріліп белгіленген баға;
 - г) Қоғамның ішкі ережелерімен белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын сатып алу бойынша аукцион өткізу арқылы белгіленген баға.

Орташа өлшемделген баға бойынша акциялар сатып алу:

–Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша сатып алуы орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде олардың орташа өлшемделген бағасы бойынша жүргізілуі мүмкін;

–орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде олардың орташа өлшемделген баға осы Әдістемеді белгіленген тәртіппен құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасалатын мәмілелер бойынша есептелуі мүмкін;

–орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде олардың орташа өлшемделген бағаны есептеу құнды қағаздар саудасын ұйымдастырушылардың ресми деректерінің негізінде ғана жүргізіледі. Акциялардың орташа өлшемделген бағасын есептеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі;

–белгілі бір кезең ішіндегі акциялардың орташа өлшемделген бағасы аталған кезең ішінде ақша түрінде акциялармен жасалатын мәмілелер көлемін осы мәмілелердегі акциялар санына бөлу нәтижесінде алынатын баға мойындалады.

–орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде олардың орташа өлшемделген баға мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C = V / A, \text{ мұндағы}$$

C – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде олардың орташа өлшемделген баға;

V – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде ақшалай түрдегі құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы аталған акциялар бойынша мәмілелер көлемі (барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштермен аталған кезең ішінде акцияларды қосындылау арқылы есептеледі);

A – орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарланған күннің алдындағы соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жасалған мәмілелердегі акциялар саны (барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштермен аталған кезең ішінде акцияларды қосындылау арқылы есептеледі).

Акцияларды ағымдағы нарық бағасы бойынша сатып алу:

Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша сатып алуы Қоғамның Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешім қабылдайтын күні жай-күй бойынша құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасатын олардың ағымдағы нарық бағасы бойынша жүргізілуі мүмкін. Қоғамның Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешім қабылдайтын күні құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында ағымдағы нарық бағасы болмайтын жағдайда, бұл ретте ағымдағы нарық бағасы бір күнгі құнды қағаздардың орташа өлшемделген бағасы болып танылады.

Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша сатып алуы Қоғамның меншікті капиталының көлемі, Қоғамның даму перспективалары ескеріліп және құнды қағаздардың баға белгілеуіне ықпал ететін өзге де факторлар ескеріліп белгіленген баға бойынша жүргізілуі мүмкін.

Қоғамның орналастырылған акцияларды өз бастамасы бойынша аукцион өткізу арқылы белгіленген баға бойынша сатып алуы Қоғамның ішкі ережелерімен белгіленген тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

4-тарау. АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША АКЦИЯЛАР САТЫП АЛУ

19. Акционердің талабы бойынша акциялар сатып алу.

Акционердің талабы бойынша акциялар сатып алу қолданыстағы заңнамада және Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларда жүргізіледі.

- 1) Акционер қолданыстағы заңнамада және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен кез келген шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде Қоғамға өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініш беруге құқылы. Қоғамның акционердің өтінішін алған күні оның өтінішін Қоғамның кіріс хат-хабар журналында тіркеген күні болып табылады.
- 2) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішінде сатып алу туралы айқын әрі бір мағыналы талап жазылуға, акционер сатып алуға ұсынатын акциялар саны мен түрі көрсетілген, сондай-ақ акционердің мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілуі тиіс.
- 3) Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Қоғамның ресми мекен-жайы бойынша жолдануы тиіс.
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің акциялар сатып алу туралы өтінішін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қарауы тиіс және де Қоғамның

Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы өтініш берген акционерге:

- а) акциялар сатып алудан бас тарту себептерін көрсете отырып акциялар сатып алудан бас тарту туралы хабарлама жолданады; не
 - б) акциялар сатып алуға Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның оған тиесілі акцияларды сатып алатыны туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама, акцияларды сату-сатып алу мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ акционер жүгінуге құқылы акционердің тұратын жеріне жақын Қоғам филиалының (филиал болған жағдайда) мекенжайы және телефон нөмірлері жазылған хабарлама жолданады.
- 5) Акцияларды сатып алатын жағдайда, Қоғам сатып алу туралы өтініш берген акционерден аталған өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде акцияларын сатып алуға міндетті.
- 6) Қоғамның акцияларды сатып алуы қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен сату-сатып алу шартына Тараптардың қолдарын қоюы және акцияларды сату-сатып алу мәмілесін тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Акцияларды сату-сатып алу шартында сатып алынатын акцияларға төлемді аудару үшін акционердің банк деректемелері немесе (акционер – жеке тұлға болған жағдайда) акционерлердің сатып алынатын акцияларға төлемді қолма-қол ақша алатын орны туралы мәліметтер міндетті түрде көрсетілуі тиіс.
20. **Акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу бағасын айқындау әдістемесі.**
- 1) Қоғам акционерінің талабы бойынша Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасатын Қоғам акцияларымен жасалатын мәмілелер бағасы немесе Қоғам акцияларына жасалатын сұраныстар мен ұсыныстар құны ескеріліп (Қоғамның кіріс хат-хабар журналында акционердің акцияларды сатып алуға берген өтінішін тіркеген күнгі жай-күй бойынша), сондай-ақ Қоғамның меншікті капиталының көлемі, Қоғамның даму перспективалары ескеріліп және құнды қағаздардың баға белгілеуіне ықпал ететін өзге де факторлар ескеріліп айқындалады.
 - 2) Егер акционер ұсынылған сатып алу бағасы бойынша Қоғаммен келіспейтін жағдайда, тараптар өзара келіскендік бойынша сатып алу бағасын белгілеуге құқылы. Тараптар сатып алу бағасы бойынша келісімге қол жеткізе алмайтын жағдайда, дау қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен шешіледі.

5-тарау. АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАР САТЫП АЛУ

21. **Қоғамның акционердің өтініші бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу тәртібі, заңнамамен белгіленген жағдайларда Қоғамның өз бастамасы немесе акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу жағдайларын қоспағанда.**
- 1) Өзіне тиесілі акцияларын сатқысы келетін Қоғам акционері өзіне тиесілі акцияларды Қоғамның сатып алуына өтініш ұсынуға құқылы.
 - 2) Акционердің Қоғамның өзіне тиесілі акцияларды сатып алуы туралы өтініші жазбаша түрде баяндалуға және акцияларды сату-сатып алу туралы мәміле жасау туралы айқын әрі мағыналы ұсыныс жазылуға, акционердің сатуға ұсынатын акциялар саны, сатылу бағасы және мәміленің өзге де маңызды шарттары, сондай-ақ акционердің мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілуі тиіс.
 - 3) Акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішті Қоғамға жолдауы тиіс.
 - 4) Акционер ұсынатын акцияларды сатып алу туралы өтінішті Қоғамның Директорлар кеңесі акционер жүгінген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қарауы тиіс. Акционердің Қоғамға жүгінген күні акционердің өтінішін Қоғамның кіріс хат-хабар журналында тіркеген күн болып табылады.
 - 5) Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің өтінішінде жазылған мәміле шарттарымен келіспеген кезде, Қоғамның Директорлар кеңесі акционердің ұсынатын акцияларын сатып алудан бас тартуға немесе мәміле шарттары бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционерлермен келіссөздер жүргізуді Қоғамның Атқарушы органына тапсыруға құқылы.
 - 6) Қоғамның Атқарушы органы сатып алу шарты бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционерлермен келіссөздер жүргізетін жағдайда, сатып алу немесе сатып алудан бас тарту

туралы түпкілікті шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Атқарушы органынан Қоғам акционерімен жүргізілген келіссөздер нәтижелері туралы ақпарат алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде қабылдайды.

- 7) Қоғамның Директорлар кеңесі өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды ұсынған акционерге акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдайтын жағдайда, оның акцияларын Қоғамның сатып алатыны туралы шешім қабылдағаны жайлы, сатып алу бағасы, акцияларды сату-сатып алу мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ акционердің сату-сатып алу шартын жасау үшін келуге тиісті мерзім және аталған мерзім аяқталған кезде Қоғаммен акцияларды сатып алудан бас тарту құқығы туралы акционерге хабарлама жолданады. Қоғамның акционерден акцияларды сатып алу бойынша құжаттарды ресімдеуі, сондай-ақ (филиал болған жағдайда) Қоғамның филиалы арқылы ресімделуі мүмкін.
 - 8) Қоғамның акцияларды сатып алуы қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен сату-сатып алу шартына тараптардың қолдарын қоюы және акцияларды сату-сатып алу мәмілесін тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Акцияларды сату-сатып алу шартында сатып алынатын акцияларға төлемді аудару үшін акционердің банк деректемелері немесе (акционер – жеке тұлға болған жағдайда) акционерлердің сатып алынатын акцияларға төлемді қолма-қол ақша алатын орны туралы мәліметтер міндетті түрде көрсетілуі тиіс.
- 22. Акционердің өтініші бойынша акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі.**
- 1) Акционердің өтініші бойынша Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алу бағасы тараптардың келіскендігі бойынша белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Атқарушы органына Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алу бағасы бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционермен келіссөздер жүргізуді тапсыруға құқылы.
 - 2) Акционердің өтініші бойынша Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы айқындалатын кезде Қоғам қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады және құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасатын нарық бағасы Қоғам акцияларымен жасалатын мәмілелер бағасы немесе Қоғам акцияларына жасалатын сұраныстар мен ұсыныстар құны, сондай-ақ Қоғамның меншікті капиталының көлемі, Қоғамның даму жоспарына сәйкес оның өзгеру перспективалары және құнды қағаздар бағасын белгілеуге ықпал ететін өзге факторлары ескеріліп айқындалады.

6-тарау. СОТТЫҢ ШЕШІМІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАР САТЫП АЛУ

23. Соттың шешімі бойынша шығарылған акцияларды сатып алу тәртібі.

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесі күшіне енген тиісті соттың шешімі болатын кезде егер сот шешімінде өзгеше мерзім белгіленбесе, Қоғамға соттың шешімі келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Қоғам акционеріне тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті. Қоғамға соттың шешімінің келіп түскен күні Қоғамның кіріс хат-хат журналында сот шешімінің тіркелген күні болыптабылады.
- 2) Қоғамға сот шешімі ол заңды күшіне енгенге дейін келіп түсетін жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға арналған он бес күндік мерзімін есептеу сот шешімі заңды күшіне енген күннен басталады.
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде акционерге Қоғамның оған тиесілі акцияларды сатып алатыны туралы шешім қабылдағаны жайлы хабарлама, сатып алу бағасы, акцияларды сату-сатып алу мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ акционер жүгінуге құқылы акционердің тұратын жеріне жақын Қоғам филиалының (филиал болған жағдайда) немесе Қоғамның есептік-кассалық бөлімінің мекен-жайы және телефон нөмірлері жазылған хабарлама жолданады.
- 4) Соттың шешімі бойынша Қоғамның акцияларды сатып алу тәртібі акционердің өтініші бойынша акциялар сатып алу тәртібін реттейтін осы Әдістеменің 5-тарауының нормаларымен реттеледі.

24. Соттың шешімі бойынша акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі.


- 1) Соттың шешімі бойынша Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алу бағасы, егер сот шешімімен өзгеше белгіленбесе, тараптардың келіскендігі бойынша белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Атқарушы органына Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алу бағасы бойынша келісімге қол жеткізу үшін акционермен келіссөздер жүргізуді тапсыруға құқылы.
- 2) Соттың шешімі бойынша Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы анықтау кезде Қоғам қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады және құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасатын нарық бағасы Қоғам акцияларымен жасалатын мәмілелер бағасы немесе Қоғам акцияларына жасалатын сұраныстар мен ұсыныстар құны, сондай-ақ Қоғамның меншікті капиталының көлемі, Қоғамның даму жоспарына сәйкес оның өзгеру перспективалары және құнды қағаздар бағасын белгілеуге ықпал ететін өзге факторлары ескеріліп айқындалады.

Жоғарыда жазылғандарды растау ретінде Қоғамның осы Әдістемесіне Қоғамның жалғыз құрылтайшысының шешіміне сәйкес, уәкілетті тұлға Ильяс Болатұлы Бекжанов мырза тиісті түрде қолын қойды.

**«Phystech II» акционерлік қоғамының
Таза кірісті бөлу тәртібі.**

1. Қоғамның таза кірісі (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер) Жалғыз акционердің Жалғыз қатысушы шешімімен анықталған тәртіпте таратылады.
2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.
3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционердің Жалғыз қатысушы қабылдайды.
4. Жалғыз акционердің Жалғыз қатысушы Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер, ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.
6. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу оның бағалы қағаздарымен төлеуге рұқсат беріледі, егер Қоғамның жарияланған акцияларымен және олар шығарған акциялардың Жалғыз акционердің Жалғыз қатысушының жазбаша келісімі болса, онда мұндай төлем жүзеге асырылады.
7. Қоғамның жай акциялары бойынша:
 - 1) меншікті капитал мөлшері теріс болған кезде немесе егер Қордың меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
 - 2) егер Қоғам ҚР банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе, не аталған белгілер Қорда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

Уәкілетті тұлға



Бекжанов И.Б.